

**Облыста шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 38/11 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 5 мамырда N 3015 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

*Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған облыста шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) - бекітілсін.

2. Облыс қаржы департаменті Жоспардың дер кезінде қаржыландыруын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті 2006 жылдың 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына Жоспардың орындалуы туралы ақпарат ұ с ы н а т ы н б о л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Павлодар мәслихатының экономика және бюджет мәселелері тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы Г. Досжанова*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров*

Павлодар облыстық мәслихатының (III сайланған XI (кезектен тыс) сессиясы) 2005 жылғы 15 сәуірдегі "Облыста шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары туралы" N 38/11 шешіміне қосымша

**Облыста шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары**

N P /с №	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындау үшін жауаптылар	Орындау ( іске асыру ) мерзімі	Болжалды шығындар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
<b>1. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау жүйесінің инфрақұрылымын дамыту</b>						
1	Облыста шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымдарының объектілері, бизнесті қолдау орталықтары, бизнес-инкубаторлар, қоғамдық бірлестіктер қызметтерінің тиімділігін арттыруға әсер ететін іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу	Облыс әкіміне есеп	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті	II, IV тоқсандар	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 400 мың теңге	Облыстық бюджет
2	Кәсіпкерлік үшін консалтингтік орталықтарды дамытуға көмек көрсету	Кәсіпкерлерге ақпараттық, консалтингтік қызметтер көрсету	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті	Желтоқсан	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 350 мың теңге	Облыстық бюджет
3	Павлодар ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты жанынан ауыл кәсіпкерлері үшін ақпараттық-талдау бюросының қызметін дамыту (келісім бойынша). Ақпараттық, көрме іс-шараларын, семинар сабақтар өткізуге көмек көрсету.	Ауыл кәсіпкерлеріне ақпараттық талдау бюро қызметін көрсету	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп; ауыл шаруашылығы департаменттері, қалалар мен аудандар әкімдері	IV тоқсан	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 300 мың теңге	Облыстық бюджет
<b>2. Шағын және орта кәсіпкерлікті қаржы-кредиттік және инвестициялық қолдау жүйесін дамыту</b>						
4	Облыстық бюджет қаражаты есебінен өндіріс пен қызмет	Облыс әкіміне есеп	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп;	II, IV тоқсандар	"Шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін	Облыстық бюджет, Қазақстан

	көрсету салаларын дамытуға бағытталған кәсіпкерлердің бизнес-жобаларын қаржылық-кредиттік қолдауды жүзеге асыру, мемлекеттік даму институттарының инвестицияларын тарту		сәулет, қала құрылысы және құрылыс; жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменттері, қалалар мен аудандар әкімдері		кредиттеу" 265.004.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 50 млн. теңге	Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қаржы көзде
5	Облыстың шағын кредиттік ұйымдарын ақпараттық және инвестициялық қолдау	Облыс әкіміне есеп	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті	Қараша	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 300 мың теңге	Облыстық бюджет
6	Шағын және орта кәсіпорындарда сапаның халықаралық стандарттарын енгізуге ынталандыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру; шағын кәсіпорындарда сапаның халықаралық стандарттарын енгізудің үрдістерін кредиттеуге жәрдемдесу	Облыс әкіміне есеп	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп; ауыл шаруашылығы департаменттері, қалалар мен аудандар әкімдері, облыс бойынша стандарттау, метрология және сертификаттау мемлекеттік қадағалау басқармасы (келісім бойынша)	II, IV тоқсандар	Осы жоспардың 14-тармағында қарастырылған сома шегінде	Облыстық бюджет
7	Өнім сапасы, оны стандарттау және сертификаттау мәселелері бойынша консультативтік және түсіндіру іс-шараларын өткізу	Облыс әкіміне есеп	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп; сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменттері, қалалар мен аудандар әкімдері, облыс бойынша стандарттау, метрология және	II, IV тоқсандар	Осы жоспардың 14-тармағында қарастырылған сома шегінде	

			сертификаттау мемлекеттік қадағалау басқармасы (келісім бойынша)			Облыстық бюджет
8	Павлодар облысына экономиканың нақты секторларын технологиялық жаңғыртудың күнделікті мәселелерін шешуге арналған қолданбалы ғылыми-техникалық әзірлемелерді тарту мақсатында кәсіпкерлердің республикалық ҒЗИ, Ресей Федерациясының шекаралас өңірлерінің ҒЗИ-мен өзара іс-қимыл жасасуын ұйымдастыру	Кәсіпорындардың ғылыми-зерттеу институттарымен байланысын дамыту жөніндегі іс-шараларды өткізу	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті	Желтоқсан	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 150 мың теңге	Облыстық бюджет
9	Инновациялық инфрақұрылыммен, инновациялық кәсіпкерлік, шағын және орта бизнесті қолдау инфрақұрылымына кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыруға жәрдемдесу.	Облыс әкіміне есеп	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қалалар мен аудандар әкімдері	IV тоқсан	Осы жоспардың 14-тармағында қарастырылған сома шегінде	Облыстық бюджет

### 3. Шағын және орта бизнес субъектілерінің бірігуіне, өңіраралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу

10	Бірлескен өндіріс құру, қазіргі заманғы технологияларды тарту, қауымдасқан байланысты дамыту мақсатында Ресей Федерациясының шекаралас өңірлерінде және ынтымақтастық үшін перспективасы бар жақын шет мемлекеттерде облыс кәсіпкерлерінің бизнес-кездесулерін,	Бизнес-кездесулер мен миссиялар өткізу	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп ауыл шаруашылығы; сәулет, қала құрылысы және департаменттері, қалалар әкімдері	III тоқсан	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 400 мың теңге	
----	---	--	---	------------	--	--

	сауда миссияларын ұйымдастыру және өткізу					Облыстық бюджет
11	Облыстық, өңіраралық, республикалық көрмелер, жәрмеңкелер, тұсаукесерлер ұйымдастыру арқылы шағын бизнес кәсіпорындарына товарларын сыртқы рынокқа шығаруға жәрдемдесу және оларға қатысуға ынталандыру	Тұсау-кесерлер, көрмелер мен жәрмеңкелер өткізу	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп; сәулет, қала құрылысы және құрылыс; ауыл шаруашылығы департаменттері, қалалар мен аудандар әкімдері	IV тоқсан	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 1,10 млн. теңге	Облыстық бюджет
12	Ірі, орта және шағын кәсіпорындармен, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорындардың арасында қауымдасқан байланысты дамытуға жәрдемдесу	Облыстың шағын, орта және ірі кәсіпорындарының қатысуымен кеңестер өткізу	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп; сәулет, қала құрылысы және ауыл шаруашылығы департаменттері, қалалар мен аудандар әкімдері	II, IV тоқсандар	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 150 мың теңге	Облыстық бюджет

#### 4. Кәсіпкерлерді оқыту, шағын кәсіпкерлікті ақпараттық, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және насихаттау

13	Жаңа бастаған кәсіпкерлерді оқыту, менеджерлердің, шағын және орта кәсіпорындар басшыларының, соның ішінде әйелдер мен жастардың біліктілігін арттыру, фермерлер мен шаруа қожалығы басшылары үшін ауыл-шаруашылық өндірісінің тиімділігін көтеру жөнінде семинарлар ұйымдастыру	Облыс әкіміне есеп	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп; ауыл шаруашылығы департаменттері, қалалар мен аудандар әкімдері	IV тоқсан	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 1,90 млн. теңге	Облыстық бюджет
14	БАҚ-та кәсіпкерлікті дамытудың, шағын және орта кәсіпорындар қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базадағы өзгерістердің өзекті мәселелерін жариялау	Газеттерде жариялау, радио және телехабарларды дайындау	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қалалар мен аудандар әкімдері	II, IV тоқсандар	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 300 мың теңге	Облыстық бюджет

15	Облыс шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін ақпараттық, әдістемелік қамтамасыз ету, кітапшалар, буклеттер, анықтамалықтар шығару	Облыс әкіміне есеп	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп; а у ы л шаруашылығы; сәулет, қала құрылысы және департаменттері	IV тоқсан	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 450 мың теңге	Облыстық бюджет
16	Шағын және орта кәсіпорындар жұмысшыларын әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шараларды талдау, ұйымдастыру және өткізу, осы бағытта өткізілетін жұмыстарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	Облыс әкіміне есеп	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп; жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменттері, қалалар мен аудандар әкімдері, облыс бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық департаменті (келісім бойынша)	II, IV тоқсандар	О с ы жоспардың 15-тармағында қарастырылған сома шегінде	Облыстық бюджет
17	"Жылдың үздік кәсіпкерлері" конкурсының өңірлік сатысын ұйымдастыру және өткізу	Облыс әкіміне есеп	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп; а у ы л шаруашылығы; сәулет, қала құрылысы және департаменттері	III тоқсан	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 398 мың теңге	Облыстық бюджет

##### **5. Шағын кәсіпкерлікті дамытудың ұйымдық-құқықтық жағдайларын жетілдіру**

18	Облыс әкімінің қатысуымен тоқсан сайынғы кездесулерін, қалалар мен аудандар әкімдерінің кәсіпкерлермен ай сайынғы тақырыптық	Кәсіпкерлермен кездесулер, конференциялар, " дөңгелек үстелдер " өткізу	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп; а у ы л шаруашылығы; сәулет, қала құрылысы және департаменттері	Тоқсан сайын А й сайын	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 400 мың теңге	
----	--	---	---	------------------------	---	--

						Облыстық бюджет
	кездесулерін ұйымдастыру және өткізу		, қалалар мен аудандар әкімдері			
19	Облыс әкімдігі жанындағы Кеңесі мәжілістерінің жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу	Облыс әкіміне есеп	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті; кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктері (келісім бойынша)	II, IV тоқсандар	Қаржыландыру талап етілмейді	
20	Кәсіпкерлік қызметтерге тән тәртіп бұзушылықтардан сақтандыру мақсатында түсіндіру, алдын алу іс-шараларын өткізу үшін бақылау-қадағалау функциялары бар мемлекеттік органдарды тарту	Облыс әкіміне есеп	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті; бақылау-қадағалау функциялары бар мемлекеттік органдар (келісім бойынша)	II, IV тоқсандар	Қаржыландыру талап етілмейді	
21	Кәсіпкерлердің бақылаушы және инспекторлық органдар басшыларымен кездесулерін ұйымдастыру	Облыс әкіміне есеп	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, облыс әкімдігі жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі, қалалар мен аудандар әкімдері	II, IV тоқсандар	Қаржыландыру қажет емес	
22	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін әкімшілік рәсімдерді және рұқсаттарды жетілдіру мен жеңілдету мақсатында ұсыныстар әзірлеу жұмыстарын ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне ұсыныстар	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, рұқсат рәсімдерін жүзеге асырушы мемлекеттік органдар (келісім бойынша)	II, IV тоқсандар	"Кәсіпкерлік қызметтерді қолдау" 265.003.000 облыстық бюджеттік бағдарлама бойынша 200 мың теңге	Облыстық бюджет